



Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

Важен голос каждого из нас!

www.election.gov.kz

«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҒЫ БАР АЗАМАТТАР ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛУІН ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ»

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.

Тізімдерді өкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті өкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.

АҚПАРАТТЫҚ ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫ

АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН АШЫҚ ДИАЛОГ



Өткен аптада біздің ауданға жұмыс сапарымен «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының мүшелері - ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Еркебұлан Мәмбетов, Дмитрий Колода және Аян Зейнуллин келді. Іссапар аясында халық қалаулылары Авангард ауылдық округінде орналасқан Достық және Полтавка ауылдарының тұрғындарымен кездесіп, жаңа Конституцияның негізгі құндылықтарына жан-жақты тоқталды.

Диалог барысында коалиция өкілдері Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасының ережелерін егжей-тегжейлі түсіндіріп, негізгі өзгерістер және олардың елдің болашағы үшін стратегиялық маңызы көнінен айтылды.

Алғаш рет Ретіспеде адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің басты басымдығы болып табылатыны бекітілді.

Сондай-ақ қоғамның бірлігі мен ынтымақтастығы, этносаралық және конфессияаралық келісім, егемендік пен Тәуелсіздік, Қазақстан Республикасының унитарлығы мен аумақтық тұтастығы сияқты өзгермейтін құндылықтар

айқындалды. Конституциялық деңгейде Әділеттілік, Заң және Тәртіп қағидаттары, сондай-ақ табиғатқа ұқыпты қарау принциптері бекітілді.

Биліктің бірден-бір бастауы – Қазақстан халқы екені ерекше атап өтілді.

Халықпен ашық диалог форматында өткен жиындарда депутаттар 15 наурыз күні өтетін жалпыхалықтық референдумға қатысып, белсенді азаматтық ұстанымдарын танытуға шақырды.

Коалиция өкілдері кездесу соңында ауыл тұрғындарының сұрақтарына жауап беріп, ауылдықтардың пікірлерін тыңдады.



РЕФЕРЕНДУМҒА АРНАЛҒАН РЕСМИ САЙТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Елімізде алдағы референдумға және жаңа Конституция жобасына арналған referendum2026.kz ресми сайты жұмысын бастады. Бұл интернет-ресурс «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясын қолдау» жалпыұлттық коалициясының бастамасымен әзірленіп, азаматтарға ұсынылып отырған өзгерістердің мазмұнын жан-жақты өрі түсінікті түрде таныстыруды мақсат етеді.

Аталған сайтта Негізгі заң жобасының толық мәтіні жарияланған. Сонымен қатар өзекті талдамалық материалдар, сарапшылар пікірі, коалицияның өңірлердегі жұмысына қатысты жаңалықтар тұрақты түрде жаңартылып отырады. Платформа құрылымы қолданушыларға қажетті ақпаратты оңай табуға, референдумға қатысты сауалдарына нақты жауап алуға мүмкіндік береді.

Ақпараттың қолжетімділігіне айрықша мән берілген. Ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға арналған бейімделген

нұсқа қарастырылған, сондай-ақ бет параметрлерін жеке қалауына сай өзгерту мүмкіндігі бар. Бұл – ресурстың баршаға тең дәрежеде қолайлы болуын қамтамасыз етуге бағытталған қадам.

Түсіндіру материалдарымен қатар, сайтта Конституцияның мәні мен қоғам өміріндегі рөлін тереңірек ұғынуға көмектесетін тақырыптық мақалалар, бейнематериалдар мен интерактивті форматтар ұсынылған. Мұның бәрі азаматтардың реформа алардың мазмұнын толық түсініп, саналы таңдау жасауына жағдай туғызады.

Аталған ресурс – «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының жүйелі жұмысының жалғасы. Құрамына жетекші саяси партия өкілдері мен жүздеген қоғамдық ұйым енген бірлестік бүгінде елдің барлық өңірінде белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Кездесулер мен ашық диалог алаңдары арқылы Жаңа Конституция жобасының негізгі қағидалары түсіндіріліп, қоғамның осы үдеріске кеңінен қатысуына жол ашып жатыр.



«ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯСЫ ҮШІН» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КОАЛИЦИЯСЫНЫҢ

REFERENDUM2026.KZ
САЙТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚ

АУДАН ӘКІМІ АУЫЛДЫҚТАРДЫҢ МҰҢ-МҰҚТАЖЫН ТЫҢДАДЫ

Аудан әкімі Рахат Смағұлов жұмыс сапарымен Молодогвардейское және Золотая Нива ауылдарына барып, тұрғындардың мұң-мұқтажын тыңдады.

Халықпен кездесу барысында Молодогвардейское ауылдық округінің жаңадан сайланған әкімі - Жаслан Жағыпаров таныстырылды. Аудан басшысы оны қызметке тағайындалуымен құттықтап, округ тұрғындарының игілігі жолында табысты өрі нәтижелі жұмыс тіледі.

Аудан әкімі тұрғындармен кездесуді Молодогвардейское ауылында бастап, Жаңа Конституция жобасына жаңа жақты түсіндірме берді. Одан кейін 2025 жылдағы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы ақпарат жеткізді. Сонымен қатар 2026 жылға арналған жұмыс басымдықтары айқындалып, ауылдық

округ аумағында жүзеге асырылып жатқан жобалар таныстырылды. Атап айтқанда, Булаево - Молодогвардейское автомобиль жолының жекелеген учаскелеріне орташа жөндеу жүргізу жобасы сөз болды, оны іске асыру 2026-2027 жылдарға жоспарланған.

Сондай-ақ аудан әкімі Золотая Нива ауылына барып, жергілікті тұрғындармен кездесу өткізді, оларды алаңдатқан мәселелер мен ұсыныстарды тыңдады.

Ашық диалог форматында өткен кездесуде көтерілген барлық өтініштер бойынша түсіндірмелер беріліп, бірқатар мәселелер бойынша тиісті тапсырмалар жүктелді.



ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ

АУДАНЫҢ АВТОБУС ҚАТЫНАСЫ:

ТҰРАҚТЫЛЫҚ, ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

Ауданда жолаушылар автокөлігінің тұрақты жұмысы жалғасуда. Бүгінде тұрғындар үшін екі халықаралық және жеті облысшілік маршрут бойынша қатынас қамтамасыз етілген, бұл халықтың әлеуметтік ұтқырлығын және шалғай елді мекендердің көлік қолжетімділігін сақтауға мүмкіндік береді.

Халықаралық тасымалдар «Астана – Омбы» және «Петропавл – Омбы» бағыттары бойынша жүзеге асырылады, бұл өңірдің көршілес мемлекетпен және ірі өкімшілік орталықтармен байланысын қамтамасыз етеді.

Негізгі жүктеме ауылдық елді мекендерді Петропавл қаласымен байланыстыратын облысшілік маршруттарға тиесілі. Бұл бағыттардың әлеуметтік маңызы зор, өйткені тұрғындар оларды күнделікті медициналық мекемелерге, білім беру ұйымдарына, мемлекеттік органдарға бару, сондай-ақ тұрмыстық және жұмыс мәселелерін шешу үшін пайдаланады.

«Конюхово – Булаево – Петропавл» маршрутына жеке кәсіпкер Ольга Кутарева қызмет көрсетеді. Тасымалдар сыйымдылығы 16 орындық «Газель» автокөлігімен күн сайын (бейсенбіден басқа) жүзеге асырылады. Жолаушылар ағыны тәулігіне 5-10 адамды құрайды. Маршрут әлеуметтік маңызға ие.

«Молодогвардейское – Возвышенка – Булаево – Петропавл» бағытына «Меруерт Компани» ЖК қызмет көрсетеді. Бағытта 27 орындық ПАЗ автобусы жұмыс істейді, орташа жолаушылар ағыны 10-15 адам. Маршрут әлеуметтік маңызға ие.

«Полтавка – Медвежка – Булаево – Петропавл» маршруты бойынша «Козел» ЖК қызмет көрсетеді. Тасымалдар 16 орындық «Газель» автокөлігімен жүзеге асырылады, орташа жолаушылар ағыны

7-8 адам. Бұл маршрутқа да мемлекеттік субсидия түрінде қолдау көрсетіледі.

«Амир-Ару» ЖК және «Алиманова» ЖК бірден бірнеше бағытқа қызмет көрсетеді: «Советское – Булаево – Полудино – Петропавл», «Қарағанды – Надежда – Булаево – Полудино – Петропавл», «Қарақоға – Чистовское – Булаево – Полудино – Петропавл». Тасымалдар сыйымдылығы 19 орындық «Газель Next» автокөліктерімен жүзеге асырылады. Жолаушылар ағыны 5-10 адамды құрайды. Барлық маршруттар бюджет есебінен субсидияланады, бұл халық үшін қолжетімді тарифтерді сақтауға мүмкіндік береді.

«Ганькино – Полудино – Петропавл» маршрутына «Бекдана» ЖК қызмет көрсетеді. Автобус қатынасы күн сайын (сәрсенбіден басқа) жүзеге асырылады, орташа жолаушылар ағыны 5-10 адам. Бұл маршрутқа да мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

Ауданда сондай-ақ «Майбалық – Таманское – Пулеметовка – Жастар – Булаево» ауданішілік маршруты ұйымдастырылған, оған «Козел В.П.» ЖК қызмет көрсетеді. Алайда қазіргі уақытта тиісті санаттағы жүргізушіні болмауына байланысты тасымалдар уақытша жүзеге асырылмайды. Қазіргі таңда жүргізуші бос жұмыс орны бар, аталған маршрут бойынша тасымалдарды қайта бастау үшін кандидаттарды іріктеу жұмыстары жүргізілуде. Егер аталған бос жұмыс орны бойынша сұрақтарыңыз



болса, қосымша ақпарат алу үшін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөліміне хабарласуыңызды сұраймыз.

Жекелеген бағыттардағы жолаушылар ағынының салыстырмалы түрде төмен болуына қарамастан, маршруттар субсидиялау жүйесінің арқасында жұмысын жалғастырауда. Бұл типті аз қоныстанған ауылдардың көлік қолжетімділігін қамтамасыз етуге, олардың әлеуметтік тұрақтылығын және тұрғындардың өмір сүру сапасын сақтауға мүмкіндік береді. Маршруттық желіні дамыту және

сақтау жергілікті атқарушы органдардың басым міндеттерінің бірі болып қала береді. Тұрақты автобус қатынасы — бұл тек қозғалыс қолайлылығы ғана емес, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторы.

Арман ӘДІЛОВ,
Мағжан Жұмабаев ауданы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы.

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР – ЭПИЗООТИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ КЕПІЛІ



Жыл сайынғы міндетті жоспарлы диагностикалық, емдеу-профилактикалық ветеринариялық іс-шаралар кезеңі басталды. Бұл іс-шаралар - ауыл шаруашылығы жануарларының жұрналы және аса қауіпті аурулары, сонымен ішінде жануарлар мен адамға ортақ ауруларды алдын алу мақсатында жүргізіледі.

Қолайлы жағдайды сақтау үшін жүйелі және уақтылы жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралардың маңызы өте зор. Ветеринариялық қызметтің жұмысы кешенді және жоспарлы сипатта болып, жануарлардың жұқпалы ауруларының пайда болуын және таралуын алдын алуға бағытталған.

Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы қолданыстағы заңнамаға сәйкес, ауыл шаруашылығы жануарларының иелері «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген (25 бап – жануарлар ауруларының, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардың алдын алу жөніндегі жеке және заңды тұлғалардың міндеттері) профилактикалық іс-шараларды жүргізу үшін жануарларын ветеринариялық мамандарға ұсынуға міндетті екендігін хабарлайды.

Тәжірибе көрсеткендей, жануар-

лардың қауіпті ауруларының өршуі айтарлықтай экономикалық зиян келтіреді. Нәтижесінде зардап шеккен тек ауру жануарлардың иелері ғана емес, сонымен қатар ауру ошақтарына жақын орналасқан ірі кәсіпорындар мен азаматтардың жеке қосалқы шаруашылықтары да зардап шегеді.

Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы ауыл шаруашылығы жануарларын ұстап-бағумен айналысатын барлық тұрғындар мен ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшыларына қажетті диагностикалық және емдеу-алдын алу ветеринариялық іс-шараларын толық көлемде орындауды қатаң түрде ұсынады.

Жануарлар басын ветеринариялық өңдеумен толық қамту ғана ауданымыздағы эпизоотиялық тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді.

Елена ЯКУНИНА,
мал дәрігері.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ



Қазақстанда сот шешімімен бас бостандығынан айыру тек еркін жүріп-тұру құқығын шектейді. Жөнестірушімен және мемлекеттің халықаралық міндеттемелерімен келісінімен өзге барлық құқықтар бас бостандығынан айыру орындарында отырған адамдар үшін сақталыды. Бұл жазасын өтеу жағдайында да адам өзінің ар-намысы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне, денсаулығын сақтауға, медициналық көмек алуға, заңды рәсілдердің сақталуына, қатыгез қарым-қатынастан қорғауға және басқа да негізгі құқықтарға ие болып қала береді дегенді білдіреді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес түзеу мекемелерінде немесе тергеу изоляторларында ұсталатын адамдар өздерінің негізгі адам құқықтарын сақтайды.

Азаптауға, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жазаға тыйым салынады. Ұстау жағдайлары санитариялық және гигиеналық талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдар кемсітуші медициналық көмек алуға құқылы. Медициналық көмек уақтылы және толық көлемде көрсетілуі тиіс. Олар тұстарымен байланыс жасауға және заң көмегін алуға, білім алуға және діни сенімін еркін ұстануға құқылы.

Сотталғандар мемлекеттік органдарға, сотқа, прокуратураға және Адам құқықтары жөніндегі уәкілге шағым жасауға құқылы. Бұл - теріс пайдаланушылықтан қорғаудың маңызды келіпдігі.

Құқықтарды шектеу тек заңда тікелей көзделген және жазаны орындау мақсатына негізделген жағдайда, адамгершілік пен адамның қадір-

ларын төксереді, сотталғандардың өтініштерін қабылдайды және анықталған бұзушылықтарды жою үшін құзыретті органдарға ұсынымдар жолдайды.

Уәкіл бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқаратын бірқатар негізгі өкілеттілерге ие. Ол тек орын алған бұзушылықтарға әрекет етіп қана қоймай, сонымен қатар алдын алу бағытында жұмыс жүргізеді: мекемелерге тұрақты бару, ұстау жағдайларын тексеру, мекеме өкілшіліктерімен және басқа да мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимыл жасау адам құқықтарының бұзылуының алдын алуға бағытталған.

Бас бостандығынан айыру орындарында адам құқықтарының сақталуы - құқықтық мемлекеттің кемелділігінің маңызды көрсеткіші. Әрбір адамның қадір-қасиетін қорғау қандай жағдай болмасын басымдық болып қала берді.

Жанат ЖҰМАБАЕВ,
Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өкілі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

«ҚҰҚЫҚ ҚАБИНЕТІ» - ҮЙДІҢ ЖАҢЫНДАҒЫ ЗАҢ КӨМЕГІ

Өңірдің аудандық және ауылдық әкімдіктерінде өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарының базасында орналасқан «Құқық кабинеттері» жұмыс істейді. «Құқық кабинеттері» негізгі мемлекеттік және құқықтық ақпараттық жүйелерге қол жеткізе алатын мамандандырылған компьютерлермен жабдықталған.

Олардың көмегімен тұрғындар заңды ақпаратты өз бетінше ала алады, мемлекеттік қызметтерге жүгіне алады және өз елді мекенінен шықпай-ақ электрондық өтініштер жібере алады.

«Құқық кабинеті» арқылы мынадай жүйелер мен сервистер қолжетімді: «Әділет» АҚЖ; нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкі; «Заң» дерекқоры; «Ашық НҚА» порталы; eGov электрондық үкімет порталы; «Zankotegi» сервисі; «Тараптар кабинеті» (АЮ ААЖ); e-Otinish жүйесі және басқалар. Бұл азаматтарға заңдар мен түсініктемелерді тез табуға, өтініштер мен сұраныстарды электрондық форматта жіберуге, өтініштердің күйін бақылауға, консультациялық және ақпараттық қолдау алуға мүмкіндік береді.

Құқық кабинеттерінде «Құқық кабинеттерінің» жұмысы туралы мәліметтер, заң қызметтерінің байланыстары және пайдалы анықтамалық материалдар көрсетілген ақпараттық стендтер орналастырылған. «Құқық кабинеттерінің» тиімді жұмысы үшін ауылдық округтердің мамандары нұсқаулықтан өтті. Оларға жүйенің жұмыс істеу принциптері тусандырылды. Қазіргі уақытта азаматтардың қатысуы мен өтініштерінің мониторингі жүзеге асырылуда, бұл көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

«Құқық кабинеттерін» құрудың негізгі мақсаты - ауыл халқының құқықтық ақпаратқа тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, құқықтық мәдениет деңгейін арттыру және жедел заң көмегін алу үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Ауыл тұрғындарының құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша жұмыс тұрақты негізде жалғасуда. «Құқық кабинеті» - бұл құқықтық көмек қол жетімді, түсінікті және әр тұрғынның жанында болуының тағы бір қадамы.

Солтүстік Қазақстан облысының әділет департаменті.

ТЖБ ХАБАРЛАЙДЫ!

Бүгінде Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық елді мекендерінің тұрғындарына құқықтық ақпарат алу және мемлекеттік электрондық қызметтерді пайдалану өдеуір жеңілдеді.



ТҰРҒЫНДАРҒА ЕСКЕРТУ: СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Көктем мезгілінде су тасқыны қаупі артады. Өзіңізді және жақындарыңызды қорғау үшін алдын ала дайындалыңыз!

Қазірден бастап не істеу керек:

- Аула мен арықтарды қар мен қоқыстан тазалаңыз
- Құжаттар мен бағалы заттарды жоғары жерге қойыңыз
- Құм салынған қаптарды дайындаңыз
- ТЖ қызметтерінің ресми хабарламаларын қадағалаңыз

«Дабыл сөмкесін» дайындаңыз:

Құжаттар, ақша, дәрі-дәрмек, фонарь, ауыз су, ұзақ сақталатын азық-түлік, жылы киім, қуаттағыш құрылғылар.

Су басу қаупі төнген жағдайда:

- Электр қуаты мен газды ажыратыңыз
- Қажетті заттарды өзіңізбен алыңыз
- Құтқарушылардың нұсқауы бойынша қауіпті аймақтан дереу шығыңыз

Су басқан жолмен өтпеңіз — тіпті аз мөлшердегі су да қауіпті. Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз! Қауіпсіздік — Сіздің дайындық деңгейіңізге байланысты.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

АЛАЯҚТЫҚ



АУДАНДА ІРІ АЛАЯҚТЫҚ ЖАСАЛДЫ

Құрметті аудан тұрғындары! Бір қателік арқылы бәрің жосалту қаншалықты оңай екенін қараныз. Біздің ауданда тұратын әйел (Полуонин ауылдық округі) бір жарым ай ішінде алаяқтарға 18,6 миллион теңге берген.

Бұл қалай болды?

1. Еліктіру: желтоқсан айының соңында ол Instagram-да «тегін Freedom Bank акцияларын алыңыз және ай сайын ақша табыңыз» деген жарнаманы көрді. Ол сілтемені басып, телефон нөмірін қалдырды.
2. Өңдеу: оған «менеджер» қонырау шалды, содан кейін Telegram-да «талдаушы Виктор» жазды. Ол оны валюталық сауда-саттыққа арналған арнайы қосымшаны жүктеуге көндірді (ол жалған болды).
3. Тұзақ: алдымен етіп өзінің 1,7 млн теңгесін салды. Ол айның көпес үшін оған қосымшада «өдемі сандар» пайдасы көрсетілді.
4. Несепілік құл: жеңіл ақшаға сеніп, ол eGov-да несиеге тыйым салуды өшіріп, үш банктен (Kaspi, Halyk, ЦентрКредит) 7 млн теңгеге несие ресімдейді.
5. Жақын адамдарға қарыздар: бұл жеткіліксіз болып көрінді. Сондықтан ол тұстарынан 2 миллион, 7 ұлшан 900 мың, таныстары мен көршілерінен тағы 7 миллион қарыз алады.

Мұның бәрі қалай аяқталды?

Ол барлық ақшаны (19 миллионға жуық) «талдаушылар» айтқан телефон нөмірлері мен карталарына аударды. Соңында оған инкассатор үйге келіп, 45 мың доллар пайда әкеледі деп уәде береді. Әрине, ешкім келмеді және «сарашылар» жоғалып кетті.

ӨЗІҢІЗ ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ ЖӘНЕ ТУЫСТАРЫҢЫЗҒА АЙТЫҢЫЗ:

- * Ешқандай банк акцияларды тегін бермейді. Егер «жеңіл ақша» уәде етілсе, бұл тұзақ.
 - * Telegram-да көрсетілген қосымшаларды жүктемеңіздер. Алаяқтар олар арқылы Сіздердің экрандарыңызды көріп, паролдерді ұрлайды.
 - * «Стоп-несие» қызметін өшірмеңіз!
 - * eGov-дағы бұл қызмет бір күнде өмір бойы борышкер болмау үшін Сіздердің жалғыз қорғанысыңыз болып табылады. Бұдан бұрын аталған жәбірленушімен полиция бөлімінің қызметкерлері алаяқтардың жұмыс істеу тәсілдері мен әдістері туралы профилактикалық өңгімелер жүргізді, бірақ соған қарамастан ол алаяқтардың айла-амалдарына түсіп қалды.
- Құрметті аудан тұрғындары, өтінеміз, алаяқтармен абай болыңыздар!**

Мағжан Жұмабаев ауданы полиция бөлімінің криминалдық полиция бөлімшесі.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ ЕСКЕРТЕДІ!

eGov mobile мобильді қосымшасы арқылы "банктік несиелерді, микрокредиттерді алудан ерікті түрде бас тарту" қызметін қосып, өзіңізді алаяқтардан сақтаңыз



Сізге қатысты алаяқтық жасалған жағдайда дереу **102** нөміріне хабарласыңыз

С МЕРЕЙТОЙ

Биыл наурыз айының 3-ші жұлдызында облыстың және ауданың құрметті азаматы, абыройлы ақсақал Оралбай Шөріпұлы Сағындықов өзінің 85 жылдық мерейтойын атап өтпек. Ғазыналы қария әлі де ап үстінде. Ол аудандағы қарт адамдарға қамқорлық көрсетуді жіті бақыған, ардагерлер кеңесінің қызметін ұйымдастырып отырған тау тулға.

ОРАЛБАЙ САҒЫНДЫҚОВ - 85 ЖАСТА



Оралбай Шөріпұлы 1941 жылы 3-ші наурызда Новосібір облысында дүниеге келген. Кейін Новосібір ауылшаруашылығы институтын галым-агроном мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын жолдама бойынша Кемеров облысы Маринин ауданы Ново-Ивановка ауылында орналасқан «Подгорный» бас бостандығынан айрылғандар колониясының агрономы болып бастап, еңбекпен түзету колониясының №1 учаскесінің меңгерушісі болған екен.

1969 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Бескол ауданында тәжірбелік шаруашылықтың №1 бөлімшесін басқарады. 1972 жылы «Андреев» кеңшарында партия комитетінің хатшысы болып ауысып, 1974 жылы Бескол аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болады.

1976-1981 жылдары «Бұлақ» кеңшарының директоры қызметін атқарады.

Ал 1981 жылы Булаев аудандық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалып, осы уақыттан бері оның өмірі мен еңбек жолы ауданмен тығыз байланысты.

Жүйелі әрі жоспарланған нақты қадамдардың арқасында егін бітік шығып, қамбаға мыңдаған тонна астық күйылады, әр кеңшарда жаңадан үйлер салынып, әлеуметтік-мәдени бағыттағы ғимараттар бой көтереді. Аз жылдың

ішінде аудан тіршілігіндегі өзгерістер байқалып, ауылшаруашылығы мен өндірістері барлық сала алға дамыды.

Осылайша, білікті басшы облыс басшылығының көзіне түсіп, ол 1987 жылы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалып, сонымен қатар, оған жауапты қызмет - облыстық жоспарлау комиссиясының төрағасы лауазымы сеніп тапсырылады.

Содан кейін ол облыстық табиғат қорғау комитеті төрағасының орынбасары болып та еңбек етеді. Еліміз егемендігін алып, дербес мемлекет ретінде құрылған шағында Оралбай Шөріпұлы ақиқат ақын, қазақтың біртуар азаматы Мағжан Жұмабаевтың туған жеріне келіп, кеңшарды басқарады. Оған сол сәтте Тәуелсіздікпен бірге есімі елге таныла бастаған қоғам қайраткері Мағжанның 100-жылдық мерейтойын өткізу міндеті жүктеледі. Ол кезде аяғына енді тұрып, еңбекте бастаған еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы мез емес еді. Алайда, сөз бен істің адамы намысқа тырысып, ел болып, ақынның алғашқы мерейтойын абыроймен өткізеді.

О.Ш. Сағындықов 1998-1999 жылдары Булаев ауданы әкімінің бірінші орынбасары қызметін атқарады. 1999-2003 жылдары «Голден Грейн» ЖАҚ корпорациясы Булаев қаласындағы кешенінің директоры болады. 2004-2007 жылдары аудандық мәслихаттың депутаты, тексеру комиссиясының төрағасы болып, халықтың мұң-мұқтажын ескеріп, жол, құрылыс салаларында жүргізілген жұмыстарды басты назарда ұстайды. Ал 2008 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін өмірлік тәжірибесі мол, дарынды басшы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметінде жүріп, көпке үлгі-өнеге көрсетіп жүр.

Оралбай Сағындықов бүгінгі күнге дейін өзінің артынан ерген басшыларға тәлім-тәрбие беріп, өзінің мол тәжірибесімен бөлісуді мақсат тұтып келеді. Ойткені қай жерде, қай салада қызмет атқарса да жұмысқа тыңғылықты, қарамағындағыларды жұмылдыра алатын қабілеті мен білімі, уақытпен санаспайтын тынымсыздығы, еңбекқорлығы арқасында көптің ойынан шыға білді.

Сондай-ақ ол егеменді еліміздің іргетасын қалауда зор еңбек сіңірді. Қай уақытта, қай салада жұмыс атқарса да нәтижелі еңбек етіп, өз ортасына сыйлы болды. Ақсақал еңбек еткен жылдары ел басқарған Дінмұхаммед Қонаев, Нұрсұлтан Назарбаев, Қасым-Жомарт Тоқаев сынды тарихи тұлғалармен көзбе-көз кездесіп, көптеген мәселелерді талқылағанын мақтанышымен айтады.

Туған елінің көркеюіне айтарлықтай үлес қосып, тынымсыз еңбек еткен біздің кейіпкеріміз мемлекет тарапынан айтулы марапаттарға ие болған беделді тұлға.

Мәселен, Оралбай Шөріпұлы «Құрмет белгісі», «Қазан төңкерісі» ордендерімен, «Халық Шаруашылығы Жетістіктері Көрмесінің қола медаль иегері», «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Тәуелсіздіктің 10 және 20 жылдығы», «Қазақстан Конституциясына 10 және 20 жыл», «Тыңға 50 жыл», «Қазақстан мәслихаттарына 20 жыл», «Астанаға 20 жыл» сияқты көптеген мерейтойлық медальдарымен, «Құрмет белгісі», «Қазақстан Республикасының құрметті ардагері», «Қожаберген жыраудың 350 жылдығы», «Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы саласының құрметті ардагері», «Әлеуметтік еңбек саласының үздігі», «Ардагерлер қозғалысының белсендісі» белгілерімен марапатталған. Сондай-ақ ол Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың, Мемлекет басшысы Қ.Ж. Тоқаевтың Алғыс хаттарымен және Құрмет грамоталарымен марапатталған абыройлы ардагер Солтүстік Қазақстан облысының және Мағжан Жұмабаев ауданының құрметті азаматы атағының иегері.

Өзі басқарып отырған ардагерлер кеңесі

2019 жылы жастармен тығыз байланыс ұйымдастырғаны үшін «Жастар – біздің болашағымыз» атты республикалық байқау конкурсының жеңімпазы және белсенді қатысушысы атанды. Ал 2017 жылы Мағжан Жұмабаев ауданының ардагерлер ұйымы «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық Кеңесінің «Құрмет кітабына» енгізілген.

«Отбасы – мемлекет тірегі» демекші, әрбір жанұяның өз тарихы, жүріп өткен жолы, қалыптасқан қағидалары бар. Қазақ ұлтының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлағатты тәрбиесін ұрпағына мұра етіп қалдыру, дархан қонақжайлығын дәріптеп, білімді ұрпақ тәрбиелеу, еліне адал қызмет ету - осының бәрі ұйып отырған Сағындықовтар әулетінің қағидасы. Өткен ғасырдың қыркышы жылдары дүниеге келген Оралбай Шөріпұлы мен өмірлік жары Сәуле Қыдырбекқызы 1966 жылы отау құрып, үш ұл, бір қыз дүниеге әкеледі. Өнегелі жанұяның жақсы қасиеттерінің арқасында балалары өсіп, өніп, жоғары білім мен өнегелі тәрбие ала алды. Ал қазір олар өз алдына жеке шаңырақ құрып, әр салада елдің дамуына өз үлестерін қосып жатыр.

Осылайша, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған қазыналы қариялар бүгін немерелері мен шөберелерінің қызғына арқа-жарқа болып отыр.

Оралбай Сағындықов ел-халықтың алғысын арқалаумен ғұмыр кешіп, артында өлмейтүғын іс, өшпейтүғын із қалдырған тұмсыз бөлек тұлға. Содан бұлар көпшіліктің қолдауымен ақсақалдың мерейтойы кешінен тойланып, ол зор құрметке бөленуде. Шынында да, оның өнегелі өмір жолы бүгінгі және келер ұрпақтарға үлгі екені айдан анық. Ендеше, мерейтой күні қазыналы қариямызға мықты денсаулық, қажымас қайрат, немере-шөберелерінің қызықуанышын көретін ұзақ ғұмыр тілейміз.

Ерсекбұлан Е.ЛУБАЕВ.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ, АЙТЫСТЫҢ ӨРЕН ЖҮЙРІГІ, АУЫЗ ӘДБИЕТІНІҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ - ЖАМБЫЛ ЖАБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 180 ЖЫЛ

Жамбыл - халық жыршысы

Болашақ ақын Жамбыл Жаббаев 1846 жылы ақпан айында қазіргі Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының бөктерінде дүниеге келген.

Ақынның «Менің өмірім» - деген өлеңінде: Қазаған қар аралас соғып боран, Ел үрей – көк найзалы жау торыған. Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыппын, Жамбыл деп қойылыпты атым содан, - деп жазған.

Әкесі Жапа кедей болғанымен, ат үстінде мығым, найзагер кісі екен. Шешесі Ұлдан мінезі байсалды, абысын арасында беделді, орайы келгенде өз жанынан өлең шығара білген, өдемі дауысты өнші екен.

Жамбылдың өлеңге, ақындыққа құмарту сөзімі ерте ояңған. 13 жасынан бастап ақын болуға бекем бел байлайды. Дүмше молдадан оқығанша, «домбыраны қолға алам» деп, әкесінен рұқсат сұрайды. Жас талаптың Жетісу өңірінде даңқты ақыны Сүйінбаймен кездесіп, батасын алуы ақындық бағын ашқан болатын. Табиғатынан ақындық дарыған жас талаптың көкірегі өлең көрнеп, 14-15 жасынан бастап ақындық жолға түседі.

Сүйінбай Жамбылды бірде шақырып, өлеңдерін зор ықыласпен тыңдайды. Бала ақынның болашағынан үміт күткен көреген қырау: «Осы шабытқан тайма! Өлең-жырды дауылдата бер! Жолың болсын! Бақытың ашылсын, балам! Шыңдықты айт, әділдікті жырла! Көне, тозығы жеткен жолға түспе, жаңа жол, даңғыл жолға түс! Өлеңің бүкіл халық сүйсін, көңілімен иіліп тыңдайтын өлең болсын! Сенің көңілің асылы патшаның қазынасынан да бай болсын!» - деп батасын береді.

Жамбыл 17-18 жасында ақындық айтысқа араласа бастайды. Жамбыл жиырма жасында сол кездің атақты ақыны



– Жаныспен айтысып, жеңіске жеткен. Жамбыл 35 жасында Іле бойында өткен бір үлкен жәрмеңкеде сол кезде орта жастағы атақты ақын Құлмағамбетпен айтысып, оны жеңіп шыққан. Міне, осыдан бастап Жамбыл Жетісу өңірінде нөмірі бірінші ақынға айналды.

Екінші дүниежүзілік соғыс тұсында Кеңес Одағында Жамбылдан дәрежесі, мәртебесі биік ақын болған жоқ. Жамбылдың есімі өлеменің шартарабына танылған көзі еді. Жамбыл ақын жауға қаламмен қарсы шығып, «Ата жаумен айқастық», «Өмір мен өлім белдесті», «Аттан», «батыр, ұрпағым», «Ленинградтық өренім!» өлеңдерін жауға оқ етіп жаудырды. Өмір мен өлім белдескен шақта ақын қуатты жырларымен жауын-

герлерге жігер берді. Оның жырлары жыл құсындай болып майданға аттанды.

Жауынгерлерге Москва, Сталинград, Ленинград қалаларын жау қолына бөрмендер деген ақын жырларында өршілдік рух басым еді. Жауынгерлердің қайратына қайрат, жігеріне жігер қосқан өлеңдерінің ішінде «Ленинградтық өренімді» ерекше атауға болады.

Атам Габдуллин Бекей (Бектурған) Ұлы Отан соғысында ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталған. 1941 жылдың шілдесінде ақын Отан қорғау үшін майданға аттанып, Қазақстанда құрылған 310-шы дивизия құрамында болып, Ленинград қаласын қорғауға қатысқан. Осы сұрапыл шайқаста суықта, аштықта ради-

одан Жамбыл Жаббаевтың «Ленинградтық өренім!» өлеңі бірнеше мәрте оқылып, жауынгерлердің жүрегіне жетіп, күш, қайрат жігерлерін көтеретін деп есіне алатын.

Ленинградтық өренім, Мақтанышым сен едің. Нева өзені сүйкімді, Булағандай көремін... Шамы Күндей жайпаған, Аспанға үйлер бойлаған...

Арқа тұтып алыста, Айбыным деп ойлаған! Жамбылдың Ленинград! Отан өмір берген шақ, Сап-сап қол барар Қорған сені ол қалар. Жанышталар айдаһар! Жата алмаймын төсекте, Жаным қалай жәйленер? Құс ұйқылы көнемін, Қайтып ұйқы көремін. Жетсін деймін сендерге, Жыл құсындай өлеңім, Қаласында Лениннің, Сайып қыран өренім... Тірек болған өліме, Туым едің сен алғаш. Ленинградтың төріне Жау аяғын сала алмас!

Жамбыл Жаббаев халықтың ақындық қазынасын жетік, зәрделей меңгеріп, өлеңі тау суындай тасқынды үлкен дарын иесі ретінде танымыз.

Жыл өткен сайын Жамбыл ақынның ұлылығын, даналығын түсіне отыра халық жыршысы қайталанбас өкени ұғамыз.

Айгүл ТЕҢДІКҚЫЗЫ,
«Мағжан Жұмабаев музейі»
филиалының директоры.

ҚОС БАЛУАН ҚОРЖЫНЫҢДА КҮМІС ПЕН ҚОЛА МЕДАЛЬ



РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ - 2026 ЖЫЛ

Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылының тумалары - Богдан Зиберт пен Сұңқар Зарап ауданымыз бен облысымыздың намысын республикалық деңгейде абыроймен қорғап жүрген белді спортшылар. Олар жуырда грек-рим күресінен Қазақстан Республикасының чемпионатында өнер көрсетті, күміс және қола медальдарды жеңіп алды.

Мәселен, 16 жастағы Богдан Зиберт 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында күресіп, күміс жүлдегер атанды.

Ал Сұңқар Зарап грек-рим күресінен жастар (U-20) арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында қола медаль жеңіп алды.

Қазіргі таңда Астана қаласында өтіп жатқан чемпионатта Солтүстік Қазақстан облысынан жүлде алған жалғыз спортшылар – осы екеуі.

Жарыс қорытындысы бойынша екі спортшы да Қазақстан Республикасының ұлттық құрамасына қабылданды.

Сонымен қатар, Сұңқар Зарап грек-рим күресінен Қазақстан Республикасының жастар құрамасына енгізіліп, Азия чемпионаты мен әлем чемпионатына қатысуға үміткер ретінде қарастырылатын болады.



РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ - 2026 ЖЫЛ

«СОЛТҮСТІК - 2026» ОБЛЫСТЫҚ ҚЫСҚЫ СПОРТ МЕРЕКЕСІ

АУДАН ҚҰРАМАСЫ - ЖАЛПЫКОМАНДАЛЫҚ ЕСЕПТЕ 2 ОРЫНДЫ ЖЕҢІП АЛДЫ

Жалпы ауданының Прессивна ауылында Солтүстік Қазақстан облысының барлық аудандарынан келген шамамен 400 спортшының біріншісіне ірі өңірлік қысқы спорт мерекесі мәресіне жетті.

«Солтүстік - 2026» облыстық қысқы спорт мерекесі шорт-трек, хоккей, қысқы Президенттік консайыс, футбол, шаңғы жарысы, конькимен жүгіру спорты, керлинг сияқты 7 спорт түрі бойынша өткізілді. Екі ай бойы облыс ішінде іріктеу жарыстары өтіп, нәтижесінде үздік командалар ақтық сынға жолдама алды.

Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасы биыл керлинг (2022 жылдан бері алғаш рет) және шайбалы хоккей жарыстарында (2018 жылдан бері алғаш рет) чемпион атанды. Сондай-ақ аудан спортшылары қысқы Президенттік консайыста 3-ші орыннан көрінсе, шорт-трек жарысында 4-ші орынды, шаңғы жарысында 5-ші орынды иеленді.



Осылайша, жалпыкомандалық есепте ауданның құрама командасы облыстың 13 ауданының ішінен жұлделі 2-ші орынды жеңіп алды.

Бұл жеңіс барша спортшыларға ерекше серпіліс беріп, аудан спортын дамытудағы таңдалған бағыттың нәтижесін айқын көрсетті. Бұл ретте, барша аудан басшылығының, шаруа қожалықтары басшыларының, жеке кәсіпкерлер мен барша спорт сүйер қауымның қолдауы зор болды.

Әрбір спортшыға және банккерлерге ризашылығымызды білдіріп, жарыс барысында көрсеткен күрес, мінез-құлқы және жоғары деңгей үшін алғыс айтамыз.

Бұл күні қол жеткізген жоғары көрсеткіш - бәріміздің ортақ жеңісіміз деп білемін.

Ендіше, барша спорт қауымымен одан әрі бірлесіп, ұйымдаса және түсінісе жұмыс істеп, келешекте бұдан да жоғары жоғары жетістіктерге жетеміз деген сенімдемін.

Қанат МҰСАТАЕВ,
дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.



ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР

ЖАС БАЛУАНДАРДЫҢ СӘТТІ ҚАДАМЫ

18 ақпан күні Қызылжар ауданының Тескөл ауылында 2015-2016-2017 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында қазақ күресінен облыстық турнир болып өтті. Аталмыш турнир аясында ауданымыздың жас спортшылары өнер көрсетіп, аудан намысын лайықты қорғады.

Турнир барысында мағжандық жас балуандар боз кілемде жақсы күресіп, намысты қолдан бермей жүлделері орындарға ие болды.

Тізіп өтер болсақ, 29 кг салмақта Мусин Эльдар - чемпион атанса, 26 кг салмақта Әміржан Алдияр күміс медальды еншіледі. Ал 42 кг салмақта Қайырлы Жарқын, 46 кг салмақта Бөкенов Әлихан және 50 кг салмақта Жәнібек Санжар қола медальдарды иеленді.

Бұл ретте қола медальға ие болған балуандар өздерінің алғашқы жарыстарына қадам басып, сәтті бастады. Сондықтан тәрбиеленушілерімізнен

осы алған белестерімен тоқтамай, ұлттық спортымыз - қазақ күресімізді үлкен дәрежеге жеткізуге тер төуге шақырамын. Өйткені қазақ күресі - бұл біздің күрес. Ендіше, қазіргі балуандарымыздың тамаша жетістіктері, ескелен ұрпаққа жігер беріп, болашақта республика деңгейінде сәтті өнер көрсетуге атсалысайық!

Амангелді БӘКІРОВ,
дене шынықтыру пенінің мұғалімі.
Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп.



Уақып туралы не білесіз?

Тарихқа көз жүгіртсек, уақып мұсылман қоғамының дамуына үлкен үлес қосқанын көреміз. Көптеген қалаларда білім беру орындары, жолдар, көпірлер, тіпті жолаушыларға арналған тегін асханалар уақып арқылы жұмыс істеген. Ол әлеуметтік теңсіздікті азайтуға, кедейшілікпен күресуге, білім мен ғылымның дамуына үлес қосады. Сонымен қатар, адамдардың бір-біріне деген жауапкершілігін арттырып, мейірімділік пен қайырымдылық сияқты құндылықтарды нығайтады.

Лексикалық анықтамадан бастайық: «уақып» дегеніміз не? Араб тіліндегі аудармасы «ұстап тұру», «тоқтату» немесе «бекіту» дегенді білдіреді. Шарифат анықтамасында бұл белгілі бір мүлкікті немесе оның табысын уақыт өте келе үзіліссіз тұрақты қайырымдылыққа беру дегенді білдіреді. Мысалы, адам мешіт салады, медресе немесе мектеп ашады, үй сатып алып, жалға береді, ал табыс мұқтаж жандарға көмектесуге жұмсалады. Мұның бәрі уақып. Уақып - тұрақты қайырымдылықтың бір түрі (жария садақа), адам Аллаһ жолында мүлкікті садақа етеді және бұл пайда қайтыс болғаннан кейін де жалғасады. Уақып - бұл бір реттік қайырымдылық емес, мәңгілік пайда үшін инвестиция.

Ислам заңгерлерінің көпшілігінің (Әбу Ханифадан басқа) пікірінше, уақып сүннет-муақкада (яғни, ұсынылған, мақтауға тұрарлық іс) болып саналады. Бұл адамды Аллаһқа жақындатады және шарифат бекіткен іс. Аллаһ Тағала былай деді:

«Әй, иман келтіргендер! Табыстарыңның және сендер үшін жерден шығарған нәрселеріміздің жақсыларынан, тиісті орынға жұмсаңдар», - деген.

«Әбу Һурайран (р.а.) риуаят етілген: Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Адам дүниеден өткен кезде оның үш амалынан басқа амалдары тоқтайды: жария садақа, пайдалы білім және дұға ететін салқалы ұрпақ», - деген. Бұл хадисте «жария садақа» уақып деп түсіндіріледі. Осылайша, уақып адамға қайтыс болғаннан кейін де сауап әкелетін сауапты амал болып саналады.

Алғашқы уақып қалай пайда болды? Ибн Омар (р.а.) әкесі Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) Хайбардан жер алғаннан кейін Пайғамбардан кенес

Асыл дініміз Исламда қайырымдылық атаулының ең құрметтісі уақып деп танылады. Тіліңіз тұрғыда «уақып» сөзі ұстау, тоқтату, кедегі болу деген мағыналарды білдіреді. Шариаатымызда белгілі бір мүлкікті (жарамсыз болып қалғанға дейін) үздіксіз қайырымдылық жолында пайдалануды уақып деп атаймыз. Сонымен қатар, көптеген мұсылман елдерінде уақып одаған жылдар бойы, тіпті ғасырлар бойы өмір сүріп, қоғамға үлкен пайда әкелуде.



сұрап келгенін айтады: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен Хайбардан жер алдым, және менде ешқашан бұдан құнды ештеңе болған емес. Маған онымен не істеуді бұйырарсыз?». Пайғамбар: «Қаласаңыз, жерді өзіңізде сақтаңыз және жемісін садақа ретінде таратыңыз», - деп жауап берді. Омар (р.а.) бұл жерді сатуға және мұрагерлікке тыйым салып, уақып ретінде белді. Осылайша, Исламдағы алғашқы вақф - Хайбар шайқасынан кейін Омар (р.а.) берген жер. Басқа сахабалар Омардың (р.а.) үлгісіне еліктеді. Жабир (р.а.): «Біздің арамызда мүлкікті уақып етпеген ешкім болған жоқ», - деді.

Біздің ата-бабаларымыз да бұл дәстүрді белсенді түрде дамытып, уақыптың құндылығын түсінді. Мысалы: Абайдың әкесі Құнанбай Меккеде қажыларға арналған қонақ үйі салып, оны уақып етті. Ақсақ Темір Қожа Ахмет Ясауи кесенесін де уақып ретінде салды. Бұл тек дінді нығайтып қана қоймай, сонымен қатар мәдени мұраны да сақтап қалды. Бауыржан Момышұлы үйін қаза тапқан сарбаздың жесіріне берді. Бұлар қоғамға уақып арқылы қамқорлық жасаудың тірі исламдық мысалдары.

Уақыптың мынадай түрлері бар:
1. Діни уақып - бұл мешіттердің, медреселердің, Құранның басылымдарының және Алла жолында жұмсалатын түрі

2. Қайырымдылық уақып - бұған мыналар кіреді: кедейлерге көмек, білім алуға көмек, емдеуге байланысты шығындар және медициналық көмек. Университеттер, кітапханалар, ауруханалар және жатақханалар көбінесе уақып қаражатымен салынған. Мысал ретінде Осман (р.а.) сатып алып, мұсылмандарға сыйға тартқан Рума құдығын айтуға болады.

Білім мен ғылым саласында да уақыптың орны ерекше. Көптеген медреселер, кітапханалар мен ғылыми орталықтар уақып есебінен жұмыс істеді. Ғалымдар мен студенттерге шәкіртқа тағайындалып, ғылыми еңбектердің жазылуына жағдай жасалды. Бүгінгі таңда да уақыптың маңызы кеміген жоқ. Қазіргі заманда уақып арқылы білім гранттарын тағайындау, әлеуметтік жобаларды қолдау, медициналық көмек көрсету сияқты игі істерді жүзеге асыруға болады. Әр адам өз мүмкіндігіне қарай уақып жасап, қоғамға пайдасын тигізе алады.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) кезінде Медианада су тапшылығы болды. Бірнеше бұлақтардың бірі, Рума құдығы. Ол құдық бір яһудиге тиесілі болды. Ол суды мұсылмандарға қымбат бағаға сатты. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауатымен сәлемі болсын): «Кім бұл құдықты сатып алып, мұсылмандарға берсе, ол жұмаққа кіреді», - деген. Ең жомарт сахабалардың бірі Осман ибн Аффан (р.а.) құдықты өз қаражатына сатып алған. Және ол оны уақып етті. Яғни оны мәңгілікке мұсылмандардың игілігіне арнады. Сол сәттен бастап су барлығына тегін болды, ал бұл уақыптың берекесі бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Рума құдығының мысалы исламдағы уақыптың ең алғашқы және ең таңғажайып үлгілерінің бірі болып саналады.

Уақыптан түскен кірісті қайта инвестициялауға, яғни ислам жобаларын дамытуға инвестициялауға болады. Уақып - қиямет күні мен қоғамның игілігі үшін салынған инвестиция. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауатымен сәлемі болсын):

«Адамдардың жақсысы (өзге) адамдарға көбірек пайда тигізгендері», - деген.

Уақып - ислам өркениетінің әлеуметтік-экономикалық жүйесінде ерекше орын алатын, көпқырлы ұйым. Ол қоғамда әділеттілікті орнатуға, әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға және тұрақты дамуға ықпал етеді.

Тарихи тәжірибе уақыптың тиімділігін дәлелдесе, қазіргі кезеңдегі жаңғыруы оның маңызын одан өрі арттыра түседі. Сондықтан уақып дәстүрін ғылыми тұрғыда зерттеу және тәжірибеде дамыту - бүгінгі қоғам үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қорытындылай келе, уақып - тек материалдық көмек емес, ол адамгершілік пен жауапкершіліктің көрінісі. Уақыпжасаған адам өз байлығына емес, жүрегіңдегі мейірімді де адамдармен бөліседі. Сол себепті уақып - бұл дүниеде де, ақыретте де жемісін беретін, сарқылмайтын қазына.

Алла баршаңызды қоғамға пайдалы болатындардан етсін!
Мухаммад ҚАСЫМХАНҰЛЫ,
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Уақып» өкілі,
«Береке» аудандық мешітінің бас имамы.

АЛҚА МӘЖІЛІСІ

24 ақпан күні Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2025 жылғы жұмыс қорытындылары мен 2026 жылға арналған міндеттері бойынша кеңейтілген алқа мәжілісі өтті.

Алқа жұмысына Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Ғалымқызы Балаева, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Маратұлы Ертаев, жекелеген облыс әкімдерінің орынбасарлары, министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының басшылары, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, әлеуметтік өріптестер мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Алқа мәжілісінде министрліктің 2025 жылғы жұмыс қорытындылары, соның ішінде еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың іске асырылуы қорытындыланды.

Сонымен қатар, халықты әлеуметтік қорғау жүйесін одан әрі дамытуға, еңбек жағдайларын жақсартуға және қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған 2026 жылға арналған міндеттер талқыланды.

Дәл осы күні Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің аумақтық департаменттерімен панельдік сессия өтті. Онда қызметкерлердің еңбек құқықтарының сақталуына мемлекеттік бақылау жасау, оның ішінде еңбек дауларын шешу, жалақы бойынша берешекті және өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету мәселелері қаралды.

Алқа қорытындысы бойынша тиісті шешімдер қабылданып, министрліктің қызметін одан әрі жетілдіру бойынша тапсырмалар берілді.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ІНДЕТ - ЖОЮ МІНДЕТ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Жемқорлыққа
ЖОЛ ЖОҚ!



Бүгінде Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес - ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз.

Жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл жасау сот жүйесінің табысты әрі нәтижелі жұмысының, сондай-ақ халықтың сотқа деген сенімін артудың кепілі болып табылады. Осы ретте сот жүйесі қызметкерлерінің ашықтығын, жұртшылықтың олардың

қызметіне қол жеткізуі, соттардың қызметінің анықтығы, сондай-ақ кез келген деңгейде сыбайлас жемқорлық көріністеріне үзілді кесілді мынарасыз болу - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу ісіндегі ең өсерлі шара болып табылады.

Еліміздің Президенті алға қойылған міндеттерін іске асыру, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы соттардың қоғам мүшелерінің бірлесіп жұмыс істеуі - еліміздің өркендетуге және азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді. Бүгінгі қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Олай болса, баршаңыз бұл іске бір кісідей атсалысайық.


Фархат ЕРҒАЛИЕВ,
сот отырысының хатшысы,
Мағжан Жұмабаев ауданының соты.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» КММ жарғылық құжаттардың жоғалуына байланысты келесі жарғыларды жарамсыз деп тануды сұраймыз:

- «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» КММ «Золотая-Нива негізгі мектебі» КММ;
- Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының «Дүйсеке баста-

уыш мектебі» КММ;
- Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының «Чистая бастауыш мектебі» КММ;
- Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының «Придорожное орталау мектебі» ММ.




Дүйсенбі, 2 наурыз	Сейсенбі, 3 наурыз	Сәрсенбі, 4 наурыз	Бейсенбі, 5 наурыз	Жұма, 6 наурыз	Сенбі, 7 наурыз	Жексенбі, 8 наурыз
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
05.30 ӘНУРАН. 05.35 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.00 Т/Х «КАНАТСЫЗ КҮСТАР». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00, 00.05 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.55 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 11.00, 19.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.15 АПТА. 15.00 АҚОРДА. 15.15 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 17.20, 01.25 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 22.15, 02.15 АШЫҚ АЛАҢ. 23.05 1001 ТҮН.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.55 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «КАНАТСЫЗ КҮСТАР». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00, 00.05 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 11.05, 18.55 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.15 «ҚАЙТА ӨНДЕУ». 14.40 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 17.20, 01.25 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 22.15, 02.10 АШЫҚ АЛАҢ. 23.05 1001 ТҮН. 02.55 Д/Ф.	05.30 ӘНУРАН. 05.40, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.55 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «КАНАТСЫЗ КҮСТАР». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00, 00.05 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 11.05, 19.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.10 Д/Ф. 14.40 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 17.20, 01.25 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 22.15, 02.15 АШЫҚ АЛАҢ. 23.05 1001 ТҮН.	05.30 ӘНУРАН. 05.40, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.55 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «КАНАТСЫЗ КҮСТАР». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00, 00.05 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 11.10, 19.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.15 «ӘСКЕРІ АРУЛАР». 14.30 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 17.20, 01.25 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 22.15, 02.15 АШЫҚ АЛАҢ. 23.05 1001 ТҮН.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.35 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «КАНАТСЫЗ КҮСТАР». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00, 00.45 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 11.10, 19.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.10 КӨКЖИЕКТЕН АСҚАН ҮН. 14.35 КӨРІНБЕЙТІН ЕҢБЕК. 15.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 17.20, 02.05 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 22.15, 02.50 АШЫҚ АЛАҢ. 23.05 1001 ТҮН. 00.05 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 20.00, 01.40 АҚПАРАТ. 06.05 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 07.15 Т/Х «КҮДАША ҚЫЗ». 08.05, 02.10 «КӨРІНБЕЙТІН ЕҢБЕК». 08.35, 21.20 «КӨКЖИЕКТЕН АСҚАН ҮН». 09.00, 00.50 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 11.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 КОНЦЕРТ. 15.00 Т/Х «ОФИЦЕР ҚЫЗ». 17.40 ҚОС ПАЛАТА. 20.10, 01.50 «ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ». 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 23.10 «ТАКИЯ», Х/Ф.	05.30 ӘНУРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 05.45 «ІНЖУ-МАРЖАН». 06.30 Т/Х «КҮДАША ҚЫЗ». 07.15, 12.00 «ЖАН АНАМ». 08.45 «ӘСКЕРІ АРУЛАР». 09.00, 02.05 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 15.00 Т/Х «ОФИЦЕР ҚЫЗ». 17.40, 03.35 АҚОРДА. 20.00, 02.55 АПТА. 20.40 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 21.30 МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ. 22.40 Д/Ф. 23.15 «ҚЫЗ ЖІБЕК», Х/Ф.

Дүйсенбі, 2 наурыз	Сейсенбі, 3 наурыз	Сәрсенбі, 4 наурыз	Бейсенбі, 5 наурыз	Жұма, 6 наурыз	Сенбі, 7 наурыз	Жексенбі, 8 наурыз
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00, 23.00 Т/С «ОХОТНИКИ ЗА ГОЛОВАМИ». 07.00 ОЯН! 09.00 ДӘСТҮР. 09.30, 19.30 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР». 11.30 АТА ЗАҢ. 12.30 ОЙНАІҚ. 13.30 КӨЗҚАРАС. 14.30 М/Ф. 15.00 Т/С «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 19.00 НОВОСТИ. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 «ДОСТЫҚ 13». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 23.00 Т/С «ОХОТНИКИ ЗА ГОЛОВАМИ». 07.00 ОЯН! 09.00 ЖЕР-ЖАҢАН. 09.10 ХАҚЫҢ БАР. 09.30, 19.30 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР». 11.30, 22.00 Т/Х «ДОСТЫҚ 13». 12.30 ОЙНАІҚ. 13.30 РЕФЕРЕНДУМ 2026. 14.00 ОЛЕУМЕТ. 14.20 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.30 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 15.00 Т/С «МАСТЕР ОХОТЫ НА ЕДИНОРОГА». 19.00 НОВОСТИ. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 23.00 Т/С «ОХОТНИКИ ЗА ГОЛОВАМИ». 07.00 ОЯН! 09.00 ЖЕР-ЖАҢАН. 09.10 НЕОСАНА. 09.30, 19.30 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР». 11.30, 22.00 Т/Х «ДОСТЫҚ 13». 12.30 ОЙНАІҚ. 13.30 РЕФЕРЕНДУМ 2026. 14.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 14.20 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.30 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 15.00 Т/С «КЛЕТКА ДЛЯ СВЕРЧКА». 19.00 НОВОСТИ. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 23.00 Т/С «ОХОТНИКИ ЗА ГОЛОВАМИ». 07.00 ОЯН! 09.00 ЖЕР-ЖАҢАН. 09.10 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 09.30, 19.30 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР». 11.30, 22.00 Т/Х «ДОСТЫҚ 13». 12.30 ОЙНАІҚ. 13.30 РЕФЕРЕНДУМ 2026. 14.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 14.20 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.30 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 15.00 Т/С «ЖЕЛЕЗНЫЙ ЛЕС». 19.00 НОВОСТИ. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 ҚОҒАМ ПІКІРІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 23.00 Т/С «ФАТМАҒҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 ЖЕР-ЖАҢАН. 09.10 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 09.30, 19.30 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР». 11.30 Т/Х «ДОСТЫҚ 13». 12.30 ОЙНАІҚ. 13.30 РЕФЕРЕНДУМ 2026. 14.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 14.20 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.30 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 15.00 Т/С «ЖЕЛЕЗНЫЙ ЛЕС». 19.00 НОВОСТИ. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 ҚОҒАМ ПІКІРІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 23.45 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф «МАЛЕНЬКИЙ ПРИНЦ». 11.45 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 12.00 Т/С «МИЛЛИОНЕР ПОНЕВОЛЕ». 14.00 ЖЕКПЕ-ЖЕК АЙТЫС. 15.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН 5». 17.45 Т/Х «ДОСТЫҚ 13». 19.00 7 КҮН. 19.40 ЖҰМЫР ЖЕР. 20.00 «ЖЫНЫМ СОЛ», Х/Ф. 21.45 «АНГЕЛЫ ЧАРЛИ», Х/Ф. 01.45 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 01.45 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 09.30 ӘСЕМ ӨНДЕР. 10.00 М/Ф «СУШЕР КРЫЛЬЯ. ФИЛЬМ». 11.30 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 12.00 «АНГЕЛЫ ЧАРЛИ», Х/Ф. 14.00 «ӨМІР ӨРНЕГІ». 15.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН 5». 17.45 Т/С «ГОСПОЖА ГОРНИЧНАЯ». 19.45 МЕМЛЕКЕТ БАСПЫСЫНЫҢ ҚАТЭСУЫМЫН ӨТКІЗ МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ. 21.45 «ЖЫНЫМ СОЛ 2», Х/Ф. 23.45 «МИЛЛИОНЕР ПОНЕВОЛЕ», Х/Ф. 03.45 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 2 наурыз	Сейсенбі, 3 наурыз	Сәрсенбі, 4 наурыз	Бейсенбі, 5 наурыз	Жұма, 6 наурыз	Сенбі, 7 наурыз	Жексенбі, 8 наурыз
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 АНАЛИТИКА. 11.45 «АҢЫҚТАЙМЫЗ» Р. ӨТЕПБАЙМЕН. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.20 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ. ПРОВЕРКА НА ПРОЧНОСТЬ». 01.30 Т/С «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЬЕВА».	06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ. ПРОВЕРКА НА ПРОЧНОСТЬ». 01.30 Т/С «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЬЕВА».	06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ. ПРОВЕРКА НА ПРОЧНОСТЬ». 01.30 Т/С «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЬЕВА».	06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ. ПРОВЕРКА НА ПРОЧНОСТЬ». 01.30 Т/С «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЬЕВА».	06.00 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.15 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «Я ИДУ ТЕБЯ ИСКАТЬ 8». 02.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.45 П@УТИНА». 06.50 Т/Х «МҮЗҒА БАЙЛАҒАН ТАҒДЫР». 08.50 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 09.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 09.55 ПОЭМАЛИ. 10.50 «Я ИДУ ТЕБЯ ИСКАТЬ-8», Х/Ф. 15.00 QOSLIKE. 17.45 «ИДЕАЛЬНАЯ ПАРА», Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.35 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 21.00, 02.10 «ИЩУ МУЖЧИНУ». 01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.00 Т/Х «АЛКИОН».	06.00, 03.25 П@УТИНА». 06.50 Т/Х «МҮЗҒА БАЙЛАҒАН ТАҒДЫР». 08.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 08.35 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 09.00 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 09.50 Т/С «ИЩУ МУЖЧИНУ». 14.05 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 15.15 «ЗАТРА Я ТЕБЯ РАЗЛЮБИЛ», Х/Ф. 17.00 «ГОВОРИМ О ГЛАВНОМ». 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 Т/С «СРЕДСТВО ОТ РАЗЛУКИ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.40 Т/С «АЛКИОН».

Жақсы іске бара жатсаң - қадымн ұзарады.
Жақсының батасын алсаң - талабың ұзарады.

Өз қадірін білмеген, өзгені сыйлап жарытпаса,
Өз қадірін түсінген, өзгені жерге қаратпаса.
Халық даналығы.



САҒАНАҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП

«НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!»



Іс-шараның мақсаты — есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымының алдын алу, халықтың, оның ішінде жастардың есірткіні қолдану мен таратудың теріс салдарына деген жағымсыз көзқарасын қалыптастыру, сондай-ақ есірткі құралдары, психотроптық заттар және олардың аналогтарын заңсыз айналымға енгізу мен қолданудың құқықтық салдары туралы халықты ақпараттандыру.

Іс-шараға аудан әкімдігі мен поли-

Өткен аптада аудан прокуратурасының үйлестіруімен Бұлаев қаласында «Заң және тәртіп» қазғайттарын іске асыру аясында «Нашақорлыққа жол жоқ!» атты антинаркотикалық акция өткізілді.

ция бөлімінің қызметкерлері, Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің өкілдері, кәсіби даярлық және сервис колледжінің студенттері, жастар ресурстық орталығының мамандары және еріктілер қатысты.

Акция барысында қаланың ірі және өлеуметтік маңызы бар нысандары

қамтылды, оның ішінде автовокзал, теміржол вокзалы, саябақтар, ХҚҚО, аурухана, скверлер, базарлар, адамдар көп жиналатын орындар, сондай-ақ республикалық маңызы бар «Челябинск – Новосибирск» автожолының учаскелері.

Кинолог пен қызметтік иттің қатысуымен аталған аумақтарда

профилактикалық тексеру жұмыстары жүргізілді.

Акция қатысушылары ақпараттық-түсіндіру материалдарын таратып, халықпен есірткі құралдарын қолданудың зияны және олардың заңсыз айналымы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілік туралы профилактикалық әңгімелер өткізді.

Осындай профилактикалық іс-шаралар ауданда тұрақты негізде өткізіліп келеді.

КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАННАН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА - 37 ЖЫЛ

АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАҒЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ: СҰРАШЫЛ КҮНДЕРДІ БАСТАН КЕШІРТГЕНДЕР



20 ақпан күні жастар ресурстық орталығында Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күніне арналған іс-шара ұйымдастырылып, оған интернационалист-жауынгерлер - Сапаров Дүзелбай Яғашұлы және Пашкевич Николай Иванович шақырылды. Сондай-ақ, іс-шараға Бұлаев қаласы мектептерінің оқушылары да қатысты.

Кездесуге қатысушылар бір дастархан басына жиналып, шай үстінде жанды диалог құрды. Мәселен, жастар ардагерлердің әңгімелерін қызығушылықпен тыңдап, сұрақтар қойып, патриотизмді, батырларға құрмет көрсетуді және тарихи жадыны сақтау сияқты маңызды тақырыптарды талқылады.

Мағыналы әрі мазмұнды өткен кездесу барысында қатысушылар осындай шаралар жиі өтуі керек деген ортақ пікірге келді, өйткені бұл нақты құндылықтарды тәрбиелеуге көмектесетін жанды қарым-қатынас.

Ауған соғысының ардагерлеріне және барлық қатысушыларға шынайылығы, ашықтығы және жастарды патриоттық тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін зор алғысымызды білдіреміз.

Ендеше, қандай соғыс болмасын – ол барлығына қайғы-қасірет әкелетіні сөзсіз. Осыны түсінген болашақ ұрпақ бейбіт өмірді бағалап, өткен қателіктерді қайталамайды деп үміттенеміз.

Мария ГАЛАЙДИНА,
жастар ресурстық орталығының маманы.

ДӘСТҰРАІ ВОЛЕЙБОЛ ТУРНИРИ

15 ақпанда Қарақоға ауылында Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылуына 37 жыл толуына орай, жыл сайын ұйымдастырылатын волейболдан аудандық турнир өтіп, оған Бұлаев қаласы, Октябрье ОМ, Қарақоға ОМ, Қарақоға ОМ, Батыр Баян шекара заставасы, Ноғайбай би мен Қарақоға ауылдық округі барлығы 8 команда қатысты.

Қызықты әрі тартысты өткен ойындардың нәтижесінде Октябрьское ОМ ұжымы жарыс жеңімпазы атанды, ал Бұлаев қаласының құрамасы күміс медальды еншілесіне, Қарақоға ауылдық округінің командасы қола медальды місе тұтты.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер тиісті дәрежедегі кубоктармен және дипломдармен марапатталды.

Турнирді ұйымдастыруға қолдау білдірген аудандық дене шынықтыру

және спорт бөлімінің басшысы Қанат Мұсатаевқа және жарысқа қатысқан барлық командаларға алғыс айтамыз.

Бұл күнді есте сақтау - біздің міндетіміз. Осылайша, біз соғыстан аман келген жауынгерлерге құрмет көрсетіп, ерлікпен қаза тапқан батырларға тағзым етеміз.

Баршаңызға бейбіт аспан мен амандық тілеймін.

Самат ҚОЖАХМЕТОВ,
турнир ұйымдастырушысы.



<p>Директор - бас редактор Нәзім ГОНЧАР</p> <p>Газеттің мәжіліс нөсі: «Газет» «Өсеті» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекенжайы: 150800 Салтықтік Қазақстан обласы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Бұлаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.</p> <p>Тел: 2-17-49.</p> <p>Басылым индексі: 65360</p> <p>e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет антасына 1 рет бейсенбі күні шығады.</p> <p>Жазылу индексі - 65360</p>	<p>«Magjan Zhuldizy» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл к., Коммуков к-сі, 5 үй).</p> <p>Тарауымы - 600</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тиісінше бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудің ресми басылым болып табылады.</p>
---	--	---	--	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395 - Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан Жұлдыз» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.